

Республикалық меншіктің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 14 сәуір N 491

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қызылорда қаласы, Шоқай көшесі, 134 мекен-жайындағы ғимарат

Қызылорда облысының коммуналдық меншігіне берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, Қызылорда облысы әкімінің келісімі бойынша, заңнамада белгіленген тәртіппен көрсетілген ғимаратты Қызылорда облысының коммуналдық меншігіне беру жөніндегі қажетті ұйымдастыру шараларын жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Мамандар:
Багарова Ж.А.
Қасымбеков Б.А.